

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ «БІЛІМ АЛ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ
ШЕҢБЕРІНДЕ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2023

Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2023 жылғы 12 мамыр № 5 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды

«Ақтөбе облысында «Білім ал» пилоттық жобасы шеңберінде ауыл мектептерінде қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар». – Астана қ.: Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 200 б.

Әдістемелік ұсынымдар Ақтөбе облысында «Білім ал» пилоттық жобасы шеңберінде шағын жинақты ауыл мектептерінің білім сапасын көтеру, білім алушылардың тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы білім алуына жағдай жасау, тең мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған.

Әдістемелік ұсынымдарды Облыстық, аудандық білім басқармаларының әдіскерлері мен шағын жинақты ауыл мектептердің педагогтері, білім беру ұйымдарының басшылары қызмет барысында басшылыққа алуға ұсынылады.

© Б. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2023

КІРІСПЕ

Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған білім алушыларымыздың жеткілікті дәрежеде цифрлы сауаттылығы төмен деп айтуға болмайды, себебі олар әртүрлі өмір жағдайларында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалануда. Бұл мүмкіндіктерді әрі қарай дамытуда, жаңа білім алу жолдарын іздестіруде, оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту жүзеге асыру.

Қашықтан оқыту – педагог пен білім алушы арасында қандай да қашықтықта болмасын интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту. Қашықтан оқытудың үш түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі – вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта педагогті экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы. Мұнда педагог түсіндірмесін, көрсетілімдерін көру арқылы оқып үйренеді.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) педагогтер мен білім алушылар арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы. Мұнда білім алушылар өздерінің ізденіс, ақпарат жинақтау, тапсырмаларын желі арқылы педагогтеріне жолдап отырады. Ал, педагогтер тарапынан кері байланыс жасалып жүргізіледі.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы. Қашықтан оқыту семинарлары оқу сабақтарының белсенді түрі. Ол семинарлар бейне конференциялардың көмегімен жүргізіледі. Педагог пен білім алушы пікірталасқа оның дамуының кез келген жерінде кіруіне мүмкіндік береді. Бұнда педагог қатысушылардың материалды меңгеруін пікірталасқа қатысушының белсенділік дәрежесі бойынша бағалай алады. Бұнда өзара іс-әрекет ету саны артады, ал педагог тең құқылы әріптес ретінде көрінеді.

Цифрлы білім беру саласын дамыту аса маңызды Ұлттық басымдық ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген «Әділ Қазақстан – барлығы үшін және әрқайсысы үшін» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының «Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру» 81-тармағында аталып өтілді.

Мектепті цифрландыру дербес процесс ретінде, сондай-ақ білім беру жүйесін цифрландыру процесінің бөлігі ретінде білім беру жүйесін жаңғыртумен байланысты жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңде білім беру саласының бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану қажеттілігі уақыт талаптарының бірі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, оның ішінде қазіргі заманғы цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастыру арқылы жақсартуға бағытталады.

Цифрлық білім беру кеңістігін құрудың өзектілігі білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттардың талаптарына байланысты жүзеге асырылады.

Оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі – өзекті мәселелердің бірі. Білім беру жүйесін ақпараттандыру өзге тәсілдерді, жұмыс нысандары мен құралдарын талап етеді, педагогке және оның кәсіби құзыретіне жаңа талаптар қояды.

Мектепті цифрландыру саласында бірқатар проблемалар бар. Олар:

- білім беру ұйымдарын АКТ құралдарымен қамтамасыз етудің төмен деңгейі;

- АКТ-ны қолдану жүйелілігінің (эпизодтық) болмауы;

- педагогтердің АКТ-құзыретінің төмен болуы;

- білім алушылардың АКТ-ны қолдану мәселелері бойынша ата-аналар мен педагогтердің сирек қарым-қатынасы және т.б.

Білім беру саласын цифрландыру мәселесінде келесі НҚА-лар басшылыққа алынып жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» №636 Жарғысының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауы;

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1-қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауы;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығы мен басқа да НҚА-ларға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» № 547 бұйрығы.

Қашықтан оқыту кеңестері пәнді өздігінен оқып үйренуде білім алушыларға жетекшілік жұмысын жасау және оларға көмек көрсету түрлерінің бірі.

Қашықтан оқытуда зертханалық жұмыстар материалды тәжірибелік меңгерілуі үшін беріледі. Білім алушыларға қарапайым жағдайда көрсетуге өте күрделі немесе мүлде мүмкін емес құбылыстарды виртуалды шындық көрсететін мүмкіндігі бар.

Қашықтан оқытудағы бақылау – бұл білім алушының оқу материалын меңгеруі нәтижелерін тексеру. Сонымен, қашықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп, білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Келесі тарауда қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру мәселесі берілген.

1. ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жалпы білім беру ұйымдарында қашықтан оқыту «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» №137 бұйрығы және «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар

Қашықтан оқытуды ұсыну үшін бастауыш, негізгі, жалпы орта және қосымша білімнің оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына мынадай талаптар белгіленеді:

- 1) оқу қызметін ұйымдастыру үшін Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық арналардың болуы;
- 2) ақпараттық, цифрлық ресурстарға жедел қол жеткізу құралдарының болуы;
- 3) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік, ұйымдық-әкімшілік ақпаратты, бейнесабақтарды қамтитын ақпараттық жүйенің болуы;
- 4) «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) сәйкес электрондық журналдар мен күнделіктер жүйесіне қосылу;
- 5) білім беру ұйымдарының педагогтерінде ақпараттық технологиялар бойынша курстардан өткендігі туралы сертификаттардың болуы;
- 6) оқу процесін цифрлық білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету;
- 7) білім беру ұйымдарында пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ұсынылған ең аз талаптардың сақталуы.

Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру

Осы Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес және қашықтан оқытуды ұйымдастыру қағидалары

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді, білім алушыларға арналған қосымша білім беруді ұсыну тәртібін қамтамасыз етеді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда қашықтан оқыту облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары бұйрығының негізінде барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады.

Ауа райының қолайсыз метеожағдайларына байланысты қашықтан оқыту «Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 42 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13076 болып тіркелген) сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беруді басқару органының бұйрығы негізінде ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдары қашықтан оқытуды:

1. денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;

2. халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушыларға;

3. ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің өтініші бойынша белгілі бір кезеңге арналған педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңестің шешімімен орта білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға;

Осы білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарда және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1. ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

2. ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

3. асинхронды оқыту форматы – білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелердің және басқа байланыс құралдарының көмегімен өзара іс-қимылын болжайтын қашықтан оқыту;

4. білім алушының цифрлық ізі – бұл LMS (оқытуды басқару жүйесі) немесе өзге де платформаларда ақпараттық жүйеде тіркелген білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы;

5. жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;

6. қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтықтағы өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

7. синхронды оқытудың форматы – ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі - АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесі қатысушыларының нақты уақыттағы тікелей байланысын (стриминг) болжайтын қашықтан оқыту;

8. цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі – ЦБР) – бұл интерактивті түрде оқытуды қамтамасыз ететін, оқу пәні және модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интербелсенді модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен өзге де цифрлық оқу материалдары;

Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

Қашықтан оқыту білім беру процесіне қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан қашықта, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда қашықтан оқытуға толық ауысқан кезде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы білім алушылардың ақпараттық жүйесіне (білім беру порталына) және электрондық сабақ кестесіне, электрондық журналға, электрондық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысушыларды қашықтан оқытуға ауыстыру білім алушының, білім алушының ата-анасының немесе басқа да заңды өкілінің білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда жазылған өтініші және қатысу мерзімдерін

көрсетумен білім алушының халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысқанын растайтын, қатысу кезеңіне мерзімдерді көрсете отырып уәкілетті мемлекеттік органның бұйрығы (хаты) негізінде жүзеге асырылады.

Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындары, спорттық жарыстар, зияткерлік және шығармашылық конкурстар, фестивальдар аяқталғаннан кейін орта білім беру ұйымының білім алушысы бөлімге/толассыз тақырыпқа жиынтық бағалауды (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсанға жиынтық бағалауды (бұдан әрі – ТЖБ) тапсырады, өткізу мерзімдері сәйкес келмеген кезде БЖБ, ТЖБ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) жеке кесте бойынша тапсырады.

Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыны қашықтан оқыту «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Қашықтан оқыту кезеңі мен мерзімі дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде айқындалады.

Білім алушы үшін орта білім беру ұйымдарында қашықтан оқыту оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің өтініші негізінде үлгерім көрсеткіштері, баланың пікірін, мектеп психологының қорытындысын, білім алушылардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлары актісін ескере отырып, қашықтан оқыту үшін жағдайлардың болуы негізінде педагогикалық кеңестің және қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жүзеге асырылады:

1) қашықтан оқыту кезінде орта білім беру ұйымы білім алушыға оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды, оқулықтарды, БЖБ және ТЖБ, ағымдағы, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізу кестелерін ұсынады;

2) білім алушының оқу сабақтарын ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері дербес ұйымдастырады, сондай-ақ қосымша білім беру (секциялар, спорт, шығармашылық, білім беру үйірмелері және басқалар) арқылы оқыту процесін және оны әлеуметтендіруге жағдай жасайды;

3) қашықтан оқыту кезінде білім алушы тиісті білім беру деңгейінің оқу бағдарламаларын меңгереді, орта білім беру ұйымында ағымдағы (БЖБ, ТЖБ),

аралық және қорытынды аттестаттаудан уақтылы өтеді. Бұл ретте білім алушы БЖБ-ны дәстүрлі және немесе қашықтық форматта өтуіне болады;

4) ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды білім алушылар бекітілген орта білім беру ұйымына орналасқан жері бойынша тапсырады. Ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша педагогикалық кеңес білім алушыны қашықтан оқытуды ұзарту немесе оны дәстүрлі оқыту форматына ауыстыру туралы тиісті шешім қабылдайды;

5) оқу процесінде білім алушы нашар меңгерген тақырыптар бойынша пән мұғалімдеріне, қажет болған жағдайда мектеп психологіне, медицина қызметкеріне, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекторға, орта білім беру ұйымының әлеуметтік педагогіне жүгінуге құқылы;

6) білім алушы білім беру ұйымының спорттық, мектептік және мектептен тыс іс-шараларына қатысуға құқылы;

7) білім алушы бекітілген орта білім беру ұйымы оған спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Ақтөбе облысындағы ауылдық шағын жинақты мектептерде сапалы білімді қамтамасыз ету «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 382 бұйрығы» негізінде жүзеге асырылады.

Ауылдық шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндерді қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша «Цифрлық технологияларды пайдаланып шағын жинақты ауылдық мектептердің әлеуетін арттыру» пилоттық жобасы іске асыру

Алдағы 2023-2024 оқу жылында ауылдық білім алушылардың білім сапасын арттыруға мақсатында ауыл мектептерін цифрлы форматқа көшіру көзделіп отыр.

Аталған мәселелерді кешенді шешу мақсатында 2023-2024 оқу жылында 5 өңірде, яғни Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының ауылдық шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндерді қашықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша «Цифрлық технологияларды пайдаланып шағын жинақты ауылдық мектептердің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасын іске асыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптарға арнап Үлгілік оқу жоспары әзірленді. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес сыныптарды біріктіріп оқыту бойынша Үлгілік оқу бағдарламалары әзірленіп алдағы оқу жылында апробацияға енгізіледі.

Ауыл мектептерін цифрлы форматта оқытуға көшіруде 4 модель қарастырылып отыр. Олар:

1-модель. Стриминг (онлайн дәріс) арқылы. Аталған модельде шағын жинақты мектептер үшін жетекші мектептердің үздік педагогтері аптасына 2 рет «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Ағылшын тілі» пәндерінен 20-25 минуттық онлайн дәрістер өткізу арқылы жаңа сабақтар меңгертіледі.

2-модель. «Тірек мектебі – магнитті мектептер» (2-3 мектептен) жобасы арқылы. Аталған модельде 2-3 шағын жинақты мектеп тірек мектепке бекітіліп, тірек мектептердің педагогтері 5-11-сынып білім алушылары үшін аптасына 2 рет «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Ағылшын тілі» пәндерінен 20-25 минуттық онлайн сабақтарды өткізеді. Тірек мектебіндегі педагог «онлайн педагогтің» қызметін атқарса, шағын жинақты мектептің педагогі «онлайн педагогтің ассистенті» қызметін атқарады. Екі педагог бірлесе отырып, білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында бірлесе жұмыстар жүргізеді.

3-модель. Офлайн сабақтар. Цифрлық платформаларды пайдалану арқылы. Аталған модельде мектеп барлық техникалық құралдармен және білім беру платформаларымен жабдықталуы қажет. Сонымен қатар сабақты өткізетін педагогтердің біліктерін ұдайы арттырып, білім сапасының көтерілуі мақсатында жұмыстар жүргізіледі.

4-модель. Интернеті жоқ немесе төмен мектептерде офлайн шешімді пайдалану арқылы. Аталған модельде интернет жылдамдығы төмен немесе интернеті жоқ ауылдар іріктеліп алынады. Бұл мектептерге цифрлы тасымалдағыштар арқылы интерактивті панельге барлық оқу материалдары мен цифрлы оқулықтар жүктеліп салынады. Бұндағы мақсат интернеті жоқ ауылдардың білім алушыларына сапалы білімді қолжетімді ету.

Жоба 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылып, 2026 жылға дейін Жобаның жүргізілу барысына мониторинг жүргізіліп отырады.

Ақтөбе облысында шағын жинақты мектептерді қолдауға арналған «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасы өңірдегі жетекші мектептердің үздік педагогтерінің қолдауымен виртуалды оқыту жүйесін қалыптастырып шағын жинақты мектеп білім алушыларының сапалы білім алуын қолжетімді ету. Білім алушылардың бойында ЖММБС-ға сәйкес заманауи техникалық құралдарды пайдалана виртуалды білім беруді ұйымдастыру арқылы цифрлық сауатты, білім бәсекесіне қабілетті, білімді, тәрбиелі, цифрлық мәдениетті ұстана білетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Жобаларды әзірлеуге негіз болған құжаттар:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары туралы» 2021 жылғы 26

ақпандағы № 520 Жарлығының 3-тармағын («Сапалы білім») және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 қаулысының міндеттері;

2. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының Үшінші бағдар. «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» талаптары;

3. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 521 Жарлығы;

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының «Қолжетімді және сапалы білім» тарауы;

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы;

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы;

7. «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы және т.б. НҚА-лар.

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекіткен «2023-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту жөніндегі жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы)» Орта білім тарауының ауыл мектептерін дамытуға арналған 25-ші («Біріктірілген сыныптардың білім алушыларының жеке қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып ШЖМ үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру») және 34-тараушасы («Бір тірек мектебіне 5-6 шағын жинақты мектепті бекіту арқылы шағын жинақты мектептерді қайта ұйымдастыру»);

1.1 Шағын жинақты мектептерде қашықтан оқыту бойынша халықаралық тәжірибе

Халықаралық тәжірибелер арқылы шағын жинақты мектептердің жағдайы әлдеқайда жақсы екенін байқадық. Мәселен, АҚШ пен Австралияда шағын жинақты мектептерді жетекші мектептердің қамқорлығына беру арқылы

шағын жинақты мектептерің жабылуының алдын алса, Канада мен Польшада қашықтан оқыту технологияларымен сабақ жүргізу жолға қойылған. АҚШ пен Финляндияда интернаттар жоқ, білім алушыларды тасымалдау мәселесі шешілген. Австралия мен Швецияда шағын жинақты мектептерді кластерлік механизмде қарастырады. Франция мен Норвегияда шағын жинақты мектептер республиканың игілігі болып саналады. Ресейде ауыл мектептерін жан басына қаржыландырудың тиімсіздігі анықталған. Украинада шағын жинақты мектептерді жабу – тек ата-ананың келісімімен жүзеге асырылатындығы белгілі болды.

Халықаралық тәжірибеде пандемия кезінде онлайн оқытуды зерделей келе келесідей жағдайларды байқадық:

Шағын жинақты мектептерде қашықтан оқыту кезінде педагогтер құрамы жетекші мектептердің педагогтерінен жасақталған.

Қашықтан оқытудың барлық түрлерін ұйымдастыруды Қашықтан оқыту ұлттық орталығы жүзеге асырған.

Сондай-ақ, зертханалық эксперименттерді жабдықтарсыз және сарапшылардың бақылауынсыз жүргізу қауіпті делінген.

Білім беру сарапшылары қашықтан оқытуға бейнеконференция форматындағы сабақтар түрінде ұйымдастырылып, олар 45 минуттан аспауы қажеттігі, себебі онлайн кездесулер балалардан көбірек назар аударуды талап ететінін айтқан. Онлайн-сабақтар күніне төрт сабақтан аспауы керек. Қалған уақытты білім алушылар физикалық белсенділікке арнауы керектігіне кеңес береді.

1.2 Отандық тәжірибедегі қашықтан оқыту мәселесі

Қашықтан оқыту барысындағы отандық тәжірибе

Пандемия кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ең алдымен қашықтан оқыту бойынша халықаралық тәжірибені зерделеді. Әлем бойынша оқытудың балама түрлері ойластырылды. Сонымен қатар пандемия кезінде қашықтан білім беру үшін сабақтар телеарналар арқылы трансляцияланды, видеосабақтарды арнайы платформаларға жүктеу, радио арқылы сабақтарды аудиотрансляциялау, электрондық пошта және пошта қызметі сынды т.б. тәсілдер пайдаланылды.

Пандемия уақытында қабылданған шаралар қазақстандық мектептер үшін де жаңа әрі күтпеген жағдай болды. Жаңа оқу форматына дайындық барысында басты мәселелер анықталды.

Солардың бірі – орта білім беру жүйесінің дайындық факторы: дағдарыс жағдайында қашықтан оқытуға көшу, әсіресе, ауылдық мектептердегі педагогтердің ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану деңгейінің жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Екіншіден, бұл – сыртқы факторлар: интернет-байланыс факторы, инфрақұрылымдар, кері байланыс орнату үшін қажетті жабдықтардың жетіспеуі.

Үшіншіден, білім алушылардың басым көпшілігімен бір мезгілде стримингтік байланыс ұйымдастыруға жағдай жасайтын отандық ІТ-платформалардың болмауы, цифрлық білім беру контентінің және Интернет арқылы сабақ өткізу үшін толыққанды бағдарламалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Осы мәселелерді шешу үшін аз уақыттың ішінде материалдарды, бағдарламаларды дайындауға, видеосабақтарды түсіруге, оқытудың, бағалаудың жаңа ережелері мен нұсқаулықтарын әзірлеуге, педагогтер үшін оқыту курстарын өткізуге және қашықтан оқыту үшін арнайы интернет-платформалардың жұмысын жеделдетуге тура келді.

Министрлік халықаралық тәжірибені, ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік банктің ұсынымдарын зерделеп, туындаған мәселелер мен мүмкіндіктерімізді ескере отырып, қашықтан оқытудың бірнеше технологиясын бірден қолдану қажет деп шешті. Олар:

- 1) интернет арқылы оқыту;
- 2) телеарналар мен радио арқылы білім беру;
- 3) шалғай ауылдарда штаттық режимде оқыту, сондай-ақ мектебі жоқ елді мекендерге пошта арқылы оқу материалдарын жіберу.

Осылайша 4-тоқсанда 2,4 млн. білім алушы интернет арқылы білім алды. Мектептердің жұмысын жандандырған «Daryn.Online», «BilimLand» интернет-платформалары және «Күнделік» жүйесі қолжетімді болды.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқитын кейбір мектептерде педагогтер сабақтарды көбіне «Microsoft Teams», «Meet by Google Hangouts» сияқты басқа да шетелдік стримингтік жүйелер арқылы өткізеді.

«Балапан» және «Ел Арна» арналарында телесабақтар арқылы оқыту кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, салалық министрлік пен «Қазақстан РТРК» корпорациясының қолдауымен жергілікті арналарда телесабақтарды ретрансляциялау ұйымдастырылды.

Қашықтан оқыту форматы педагогтер мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты реттеп, бірлесе жұмыс істеудің маңыздылығын айқын көрсетті.

Қашықтан білім беру кезінде мектеп пен педагогтің жұмысы көбеймесе, азаймайды. Бізге бұл технология ауа райының қолайсыздығына байланысты білім алушыларды сабақтан босатқанда немесе баланың денсаулығына байланысты үйінде оқуға мәжбүр болғанда, не шағын жинақты мектеп білім алушыларының білім алуына қосымша мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет болған жағдайда қолдану тиімді.

1.3 Ауыл мектептерінің халықаралық зерттеулерге қатысуы

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы жылдағы Ұлттық баяндамада және 2018 жылғы «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-ның есебі негізінде ауыл мектептері білім алушыларының білім сапасы қала мектептерінің білім сапасына қарағанда оқу сауаттылығы бойынша – 38 балға,

математикалық сауаттылық бойынша – 22 балға, жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтары бойынша – 23 балға төмен екені анықталып отыр. Компьютерлік сауаттылық бойынша ауыл білім алушылары қалалық білім алушылардан 70 балға артта қалғаны белгілі болды. Халықаралық зерттеулер интернет желісі арқылы онлайн ұйымдастырылады. Ауыл мектептері білім алушылары мен педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру арқылы, яғни виртуалды сабақтарды ұйымдастыру барысында цифрлық машық дағдыларға білім алушы білімін жетілдіру халықаралық зерттеулерде білім жетістігіне жетудің бірден-бір жолы болары анық. Сондықтан өңірлік жобаны іске асыру арқылы көптеген мәселелер шешілетіні сөзсіз.

1.4 Білім саласын цифрландыру

Бүгінгі таңда қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыруда білім саласын цифрландыру мәселесі өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Білім саласын цифрландыру мәселесінде келесі терминдерді меңгеру ұсынылады. Олар:

1. **Цифрландыру** – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтқан әлем мемлекеттері жаппай ұстанып отырған тренд.

2. **Білім саласын цифрландыру** – білім алушылар мен педагогтер техникалық құралдарды білім алу (беру) мақсатында тиімді пайдалана отырып, сапалы, қолжетімді білім алу мүмкіндігіне, қажетті білім мен ақпаратты жылдам және тез саралауға, талдауға және білім алу (беру) саласында заманауи пайда болған ғылыми-техникалық процесс.

3. **Цифрлық сауаттылық** – әртүрлі цифрлық платформаларда теру және басқа ақпарат құралдары арқылы ақпаратты табу, бағалау және нақты жеткізуге мүмкіндік беретін (грамматика, композиция, теру дағдылары және технологияны қолдана отырып мәтін, сурет, аудио және дизайн жасау қабілеті бойынша) цифрлық технологиялар мен интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылар жиынтығы.

4. **Цифрлы педагог** – техникалық құралдарды пайдаланып цифрлық платформа арқылы берілетін білім беру процестері мен мақсаттарына бейімделген және қайталауға жарамды цифрлық қызметтердің бірыңғай ортасын құру моделі.

5. **Цифрлық құзырет** – тұлғаның өз білімі мен дағдыларын іс-әрекетте, білім, дағдылар және көзқарастарда (мотивация және жауапкершілік) көрсете білуі.

6. **Цифрлық құзыреттілік** – тұлғаның интегративті сапасы, оның сипаттамасы, білім беру процесінің нәтижесі, цифрлық мүмкіндіктерді кеңінен қолдану қабілеті.

7. **Цифрлық мәдениет** – заманауи ақпараттық (цифрлық) технологияларды, олардың функционалдық мүмкіндіктерін түсіну, сондай-ақ оларды жұмыста немесе тұрмыста сауатты пайдалану мүмкіндігі.

8. **Цифрлық трансформация** – цифрлық ресурстар мен цифрлық процестерді құру саласына көшіруден тұратын сапалы, революциялық өзгерістердің көрінісі.

9. **Цифрлық технологиялар** – аналогтен айырмашылығы, үздіксіз сигналдармен емес, дискретті түрде жұмыс істейтін технологиялар.

10. **Цифрлық дағдылар (машықтар)** – халықтың дербес компьютерлерді, интернетті және АКТ-ның басқа да түрлерін қолдану саласындағы құзыреттері, сондай-ақ адамдардың тиісті білім мен тәжірибе алудағы ниеттері.

11. **цифрлық инновациялар** – үлкен деректер технологиялары, нейротехнологиялар және жасанды интеллект, таратылған тізілім (блокчейн) жүйесі, кванттық технологиялар, жаңа өндірістік технологиялар, өнеркәсіптік интернет, робототехника және сенсорика компоненттері, сымсыз байланыс технологиялары, виртуалды және Толықтырылған шындық және басқа технологиялар негізінде цифрлық процестерді, ресурстар мен сервистерді пайдаланатын жаңа құрал.

12) **цифрлық кеңістік** – реттеу нормалары, ұйымдастыру, басқару және пайдалану тетіктері негізінде цифрлық процестерді, цифрлық өзара іс-қимыл құралдарын, ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ цифрлық инфрақұрылымдар жиынтығын біріктіретін кеңістік.

1.5 Білім саласын цифрландыру мәселесінің өзектілігі мен басым бағыттары

Цифрландыру процесі өміріміздің барлық салаларына, соның ішінде білім саласына етене енді. Бүгінде шағын жинақты ауыл мектептердің білім алушылары және педагогтеріне, білімінде олқылықтары бар, мотивациясы төмен білім алушыларға қосымша білім беру, ауыл мектептері мен қала мектептері арасындағы білім деңгейіндегі алшақтықты қысқарту мақсатында әртүрлі жобалар әзірленуде.

Цифрлық бағытта онлайн қашықтан, виртуалды оқытуды ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» № 636 Жарлығының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауында жазылған: «Цифрлық білім беру ортасы дәстүрлі баламасына қарамастан, қажет болған жағдайда оны толықтыра отырып, мұғалім мен білім алушылар арасындағы коммуникацияның және қайтымды байланыстың жаңа арналарына қолжетімділікті аша отырып, жұмыс істейтін болады» және Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1-қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының «Сапалы білім беру» тараушасында: «Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды. Материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтырған жөн. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар

қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс», – деген.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 2.7-тарауы «Жаңа сандық мүмкіндіктер» тарауының «Барлық қалалар мен аудан орталықтарында кең жолақты Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ету» 70-пунктіне сәйкес іске асыру жоспарланып отыр.

Қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру мәселелерінде – цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып шағын жинақты ауыл мектептердің білім алушылары және педагогтері, білімінде олқылықтары бар, мотивациясы төмен білім алушылар үшін онлайн платформаның көмегімен қосымша білім беру жолдарын ұсыну қажет.

Қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру мәселелерінің басым бағыттары цифрлық технологияларды пайдалану арқылы Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы негізгі процестер мен басқару процестерін түрлендіру. Қашықтан оқыту моделі мен механизмін құру арқылы білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізуді, онлайн-платформаларды кеңінен пайдалануды, жекеленген білім беру траекториялары мен курстарын, кеңістік пен форматтардың жаңа мүмкіндіктерін енгізуді көздейді.

Қашықтан оқыту тек онлайн білім беру мен сабақтарды онлайн өткізу ғана емес, онда электрондық кесте де, онлайн білім беру элементтері де, мектептер мен білім алушылар цифрлық платформаға жүктеліп кері байланыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Нәтижесінде:

1. Білім алушы бойында цифрлық білім беру жүйесі қалыптасады, білім беру процесі жақсарады, қолжетімді, сапалы білім беріледі, заманауи цифрлық кеңістікте қажетті білім алуға мүмкіндік туады;

- Цифрлық ортада коллаборация, әлеуметтену жүреді;
- цифрлық сауаттылық, құзыреттілік, цифрлық қарым-қатынас, цифрлық мәдениет, цифрлық машықтар қалыптасады;
- өңірдегі мектептердің МТБ-сы жақсарады, интернетке қосылу мүмкіндіктері шешіледі;

Жобаның тиімділігі

- дамыта оқыту міндеттерін шешудің тиімді құралы;
- іс-әрекет тәсілін іске асыру;
- даму ортасын байыту құралы цифрлық технологиялар ретінде қарастырылады

Жобаның басым бағыттары:

- күрделі тақырыптар бойынша кеңес беру, үй тапсырмасын орындау,

қорытынды аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындық;

- педагогтерді ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу (пилотты апробациялау, мониторинг, қашықтан оқытуды енгізу) және т.б.

Жобаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Жобаның мақсаты – аз қамтылған отбасылардың білім алушылары мен жетім балаларға, ауылдық мектептердің педагогтері, шағын жинақты мектептердің білім алушылары және педагогтері, білімінде олқылықтары бар, мотивациясы төмен білім алушылар мен үйде оқитын білім алушылар үшін «Цифрлы педагог» жобасының көмегімен қосымша білім беруді ұйымдастыру, білім алушылар мен педагогтерге академиялық және когнитивтік қолдау көрсету.

Жобаның міндеттері:

- білім алушылар мен педагогтердің бойында адами капиталды;
- цифрлық сауаттылық пен құзыреттерді;
- цифрлық мәдениетті дамыту.
- цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы цифрлық машық-дағдыларды қалыптастыру;
- өз білім-білік дағдыларын трансформациялауда цифрлық кеңістікте инновацияларды жариялау, тарату дағдыларын қалыптастыру.
- аз қамтылған отбасылардан шыққан үлгерімі төмен білім алушыларды және жетім балаларды оқыту үшін жеке немесе дербестендірілген жағдайлар жасау;
- жетім балалар және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылардың дербес мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқу процесін әзірлеу;
- жетім балалар және аз қамтылған отбасылардан шыққан үлгерімі төмен білім алушыларды қолдау үшін консультативтік орталық ұйымдастыру.

Жобадан күтілетін нәтижелер:

- білім алушылар мен педагогтердің бойында адами капитал дамиды;
- білім алушылардың цифрлық сауаттылықтары дамып, құзыреттері қалыптасады;
- білім алушылар мен педагогтердің цифрлық мәдениеті дамиды.
- цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы Жобаға қатысушылардың цифрлық машық-дағдылары қалыптасады;
- қалыптасқан білім-білік дағдыларын трансформациялауда Жобаға қатысушылардың цифрлық кеңістікте инновацияларды жариялау, тарату дағдылары қалыптасады.
- аз қамтылған отбасылардан шыққан үлгерімі төмен білім алушыларды және жетім балаларды оқыту үшін жеке немесе дербестендірілген жағдайлар жасалады;
- жетім балалар және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылардың жеке бас ерекшеліктерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқу процесі әзірленеді;

- жетім балалар және аз қамтылған отбасылардан шыққан үлгерімі төмен білім алушыларды қолдау үшін консультативтік орталықтар ұйымдастырылады.

Жобаны іске асыру тетіктері

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Осы жоба білім беру саласындағы ҚР заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Қазақстан Республикасы Білім беру ұйымдарында «Цифрлы педагог» пилоттық жобасын іске асыру туралы» бұйрық шығарады.

Облыстық білім басқармасы «Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарында «Цифрлы педагог» пилоттық жобасын іске асыру туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігі бұйрығын басшылыққа ала отырып, Облыста пилоттық жобаны іске асыру туралы бұйрық шығарады.

Аудандық білім бөлімі білім басқармасының бұйрығы негізінде ауданда пилоттық жобаны іске асыру туралы бұйрық шығарады.

Облыстық білім басқармасы мен аудандық білім бөлімі ауданда және облыста жобаны іске асыруды жалпы үйлестіруді жүзеге асырады:

- жобаның нормативтік-құқықтық және мазмұндық-қызметтік тараптарын үйлестіреді;

- оқу процесін ұйымдастыру және басқару мәселелері бойынша кеңес береді;

- мектеп директорлары мен педагогтеріне әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді.

Мектеп директорлары:

- жетім балалар және аз қамтылған үлгерімі төмен білім алушыларға қашықтан кеңес беруді ұйымдастыру үшін материалдық және адами ресурстарды пайдаланады;

1. педагогтер «Математика», «Қазақ тілі» (бірінші тіл), «Орыс тілі» (бірінші тіл) пәндері бойынша жетім балалар және аз қамтылған үлгерімі төмен білім алушылармен қосымша жұмыс істеу үшін анықтайды;

- ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

- білім алушылардың оқу жетістіктеріне талдау жүргізеді.

Мектеп директорының орынбасары:

1. жетім балалар және аз қамтылған отбасылардан шыққан үлгерімі төмен білім алушылар тобын қалыптастырады;

2. онлайн білім беру платформасында білім алушылар мен педагогтердің белсенділігіне мониторинг жүргізеді.

Педагог-психологтер:

- жетім балалар және аз қамтылған отбасылардан шыққан үлгерімі төмен білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді;

- жетім балалар және аз қамтылған отбасылардан шыққан үлгерімі төмен білім алушылардың психоэмоционалдық жай-күйін түзетуге қолдау жасайды.

IT-мамандар онлайн білім беру платформасында жұмыс істеген кезде педагогтер мен білім алушыларға техникалық қолдау көрсетеді.

Пән мұғалімдері:

- білім алушылардың мүдделерін, қабілеттерін, білім алуғағы олқылықтары мен қиындықтарын ескере отырып, білім алушыларға кеңес береді;

- тақырып бойынша «қиындық туғызатын» тақырыптарды анықтайды;

- білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізеді.

Жобаның қаржылық қамтамасыз етілуі

Жобаны қаржыландыру жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жобаны іске асыру кезінде жергілікті атқарушы органдар шығындарды көздеуі қажет:

- білім беру ұйымдарын сапалы интернетке қосу;


- эксперимент үшін педагогтерге қосымша ақы (ҚР ПП № 1193 20 %);



- білім алушыларға жалға беру негізінде планшеттер/нетбуктар беру.

Жобаға тартылған педагогтерге қосымша ақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына 4-қосымшаның 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады, онда: «Бейіндік пәндер бойынша педагогтерге жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын оқу орындарының (сыныптардың, топтардың) бағыттары; инновациялар, эксперименттер режимінде (лицейлер, гимназиялар, техникалық лицейлер, мектепке дейінгі және жалпы білім беретін бағыттағы оқу-тәрбие кешендері), сондай-ақ балаларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыс шет тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерге» БЛА-ның 20% мөлшерінде жүргізіледі.

1.6 Мектептерді цифрландыру бағытында қажетті құрал-жабдықтар

Шағын жинақты мектептер үшін:

№	Атауы	Қажеттілік	Суреті
1	Интерактивті сенсорлық тақта	Берілген тақтаның көмегімен тірек мектептердегі педагогтер магнитті мектептерде «Математика», «Ағылшын тілі» пәндерін виртуалды оқытуды ұйымдастырады. Сонымен қатар бірнеше мектептерді қосып онлайн жиналыстарды да ұйымдастырып өткізуге болады	

2	Камера	Виртуалды сабақты ұйымдастыруда қажетті құрал бұл – камера. Камера арқылы виртуалды педагог виртуалды сыныппен байланыста отырып, сабақтың өту барысын қадағалап отырады	
3	Микрофон	Виртуалды сабақты ұйымдастыруға қажетті құралдардың бірі – микрофон. Микрофон құлаққапқа орнатылған болады. Яғни, виртуалды педагогтің дауысы әрбір білім алушыға айқын, анық естілуі керек	
4	Принтер	Тірек мектебінде виртуалды оқытуды ұйымдастыру үшін принтер қажет	
5	Бағандар	Шағын жинақты мектептер үшін бағандар алу	
6	Ноутбук	Виртуалды білім беруді ұйымдастыру үшін ең алдымен ноутбук қажет	
7	VR көзілдіріктер	«Химия» 7-11-сыныптар, «Биология» 7-11-сыныптар, «Физика» 7-11-сыныптарда пәндерді оқыту жүзеге асырылатын болады. VR көзілдірікті зертханалық жұмыстарда пайдалану арқылы білім алушылардың түрлі зертханалық жұмыстарға қызыға қатысып, жаңа сабақты меңгеруде жеңілдіктер де туындар еді.	

1.7 Қашықтан оқыту технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру мәселесінде Онлайн платформа әзірлеу маңызды

1. «Онлайн білім беру» платформасын (бұдан әрі – Платформа) құру
Платформаның мақсаты – цифрлық платформаны пайдалана отырып шағын жинақты мектеп білім алушыларына сапалы білімді қолжетімді ету.

Міндеттері:

2. сапалы білімді қолжетімді ету;
3. ауыл мектептерін цифрландыру және виртуалды оқытуды ұйымдастыру;
4. «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыру;

5. виртуалды сабақтарда кері байланыс беру мен бағалау жүйесін қалыптастыру;
6. шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар мәселесін шешу;
7. білім алушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толықтыру;
8. виртуалды педагог пен виртуалды педагог ассистентінің бірлесіп жұмыс жасауға жұмылдыру

Күтілетін нәтижелер:

9. Шағын жинақты ауыл мектебі білім алушыларына сапалы білім қолжетімді болады;
10. Білім саласы цифрландыруға көшеді, виртуалды оқыту жүйеленеді;
11. «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасы артады;
12. Виртуалды сабақтарда кері байланыс беру мен бағалау жүйесі қалыптасады;
13. Шағын жинақты мектептердегі біріктірілген сыныптар мәселесі шешіледі;
14. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарының орны толықтырылады;
15. Виртуалды педагог пен виртуалды педагог ассистентінің бірлесіп жұмыс жасауға жұмылдыру

Онлайн платформаның механизмі

Шағын жинақты мектеп білім алушылары үшін онлайн платформа құрылып оған қажетті контент жүктеледі.

Контентке:

1-кезең. Платформаға телесабақтар жүктеледі (телесабақтар республика бойынша экспертизадан өткізілген, оқу мақсаттарына сай құрылған. Кез келген уақытта қайта қарауға мүмкіндік қарастырылған). Білім алушылар сабақтарды қарап түсінгенін бекіту үшін келесі кезеңге өтеді.

2-кезең. Оқу сабақтарының мақсаттарына сай тапсырмалар жүктеледі (білім алушылар түсінген материалдарын бекіту үшін тапсырмаларды орындайды). Тапсырмалар үш деңгейде құрылады. Олар: төмен, орта және жоғары деңгейлі тапсырмалар. Білім алушылар сыныбы мен қажетті сабақтар бойынша тапсырмаларды орындап жаттығады. Үшінші кезеңде білім алушылар тренажерлерде жаттығу жасайды.

3-кезең. Тренажерлер (білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мәселесін шешеді) пайдалануға ұсынылады. Тренажерлерде білім алушылар жаттығып, есептердің шығарылу жолын меңгереді. Тренажерлерде жаттығу арқылы білім алушылардың білімдегі олқылықтары анықталады. Білім алушы білімдегі олқылықтары анықталған жағдайды, сол бағытта жаттығуға қосымша тапсырмалар беріледі.

Онлайн платформада виртуалды білім беруді ұйымдастыру жолдары

Ауыл мектептерінде виртуалды оқытуды ұйымдастыру арнайы онлайн платформа арқылы жүзеге асырылады.

Магнитті мектептерде жасақталатын виртуалды сыныптардағы білім алушылар саны әр шағын жинақты мектептерден жасақталғанда мүмкіндігінше 15 білім алушыдан аспағаны дұрыс. Себебі, бұл виртуалды педагогтің әрбір балаға мән беріп экраннан көріп отырып қадағалауға мүмкіндік береді.

Виртуалды оқыту кезінде «виртуалды педагог» (пән мұғалімі) пен «виртуалды педагогтің ассистенті» (магнитті мектептің пән мұғалімі немесе жауапты маман) бірлесе жұмыс жүргізеді. Сабақтың 30 минутын виртуалды педагог өткізеді, ал қалған 15 минутын виртуалды педагогтің ассистентіне жүргізуге болады.

Виртуалды педагог оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бағытында, ал виртуалды педагогтің ассистенті сыныптың виртуалды сабаққа қосылуын, тапсырмалардың орындалуын, кері байланыс орнатуды, жаңа материалды бекітуді, оқу платформасында үй тапсырмаларының жүктелуін және т.б. орындалуын қадағалайды.

Виртуалды педагог пен виртуалды педагог ассистентімен бірлесіп жаңа сабақтың өтуін жоспарлайды.

Виртуалды сабақ өткізу үшін тірек мектебінде арнайы жабдықталған кабинетті қарастыру ұсынылады.

Виртуалды сабақтар тікелей таспаға жазылып, платформаға жүктеледі. Білім алушыларға өткізілген виртуалды сабақтарды платформадан қайта қарауға мүмкіндік беріледі. Оқу жылының соңында үздік виртуалды сабақтардың жиыны іріктеліп, аудандық, облыстық деңгейде қорытындысы шығарылады.

Виртуалды оқыту кезеңдері:

- білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау үшін виртуалды платформада білім алушылар «baseline» тестін тапсырады;

- білім алушылар (15 білім алушыдан) виртуалды сыныптарға бөлінеді;

- тоқсан қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерімі мен мектептің білім сапасының табыстылығын анықтау үшін пәнді меңгеру негізінде тестілеу жүргізіледі;

- БЖБ, ТЖБ жұмыстарын өткізуді виртуалды педагог пен виртуалды педагог ассистенті бірлесе жоспарлайды, орындалған жұмыстарды келісе бағалайды.

Мектептің оқу-әдістемелік мазмұны инвариантты (типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарындағы барлық білім алушылардың оқуы үшін міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті) және вариативті (үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті) компонент бойынша оқытуды көздейтін модульдік оқытуға негізделген білім беру ұйымы білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес айқындайды).

Вариативті компонент жаһандық құзыреттер мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрықтың талаптарына сәйкес құрылады.

Мектептердің бөлім мен тоқсан үшін жиынтық бағалау, ЦБР, ҚБТ және пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқу қызметін ұйымдастыруға сәйкес технологиялық карталар әзірленеді.

Сабақтарды/сессияларды өткізу нысаны:

1. бірлескен әңгімелер, дәрістер, виртуалды экскурсиялар, киносабақтар;
2. зертханалық және практикалық жұмыстар, оқу материалын жоспарлау;
3. сабақтарды ұйымдастырудың белсенді және интерактивті формалары және т.б.

Оқу сабақтарын жоспарлау кезінде білім алушылардың өзіндік белсенді оқу қызметіне; оқу материалы мазмұнының блоктық-модульдік құрылымына; білім алушылардың зерттеу және жоспарлау қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқытудың жаңа технологияларын пайдалануға басымдық беріледі.

Сессия кезінде білім алушыларды оқыту келесі режимде жүргізіледі:

Кешен шеңберінде келесідей әдістемелік тәсілдер қолданылады:

- деңгейлік меңгеру технологиясы: білім беру, алгоритмдік, эвристикалық, өзіндік және бақылау жұмыстары арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ДБІ (дидактикалық бірліктерді ірілендіру);
- бірлесіп оқыту;
- оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту (RWCT).

Білім алушыға оқу, ойлау, талдау, салыстыру және өз таңдауын жасау құқығы беріледі. Нәтижесінде – білім алушылардың белсенділігін, оқуға деген қызығушылығын арттыру, өз білімі мен іскерлігін іске асыру мүмкіндігіне ие болады.

Педагог өзінің жеке педагогикалық стилі мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін технологияларды таңдауға құқылы.

Тірек мектепте (ресурстық орталықта) білім алушылардың сабақтан тыс қызметі әртүрлі зертханалардың, пәндік үйірмелердің, секциялардың, қызығушылықтар бойынша клубтардың, ғылыми қоғамдардың және басқа да бірлестіктердің жұмысы арқылы ұйымдастырылады.

Қосымша, бейінді компоненттің спорттық, көркемдік сабақтары күннің екінші жартысында өткізіледі.

Білім алушылар үшін әр пән бойынша қажеттілікке қарай жылына 2 рет онлайн олимпиада ұсынылады.

Олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болған білім алушылар үшін жазғы лагерьлерге жолдамалар ойнатылу ұсынылады.

Кешеннің қызметін бағалау рәсімі

Әрбір оқу жылының қорытындысы бойынша «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешенінің» әкімшілігі білім алушылардың білім

сапасының мониторингтік көрсеткіштерін, білім беру процесін жақсарту, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету бойынша ұсынымдарды қоса бере отырып, талдамалық есеп қалыптастырады және аудандық білім бөлімдеріне жібереді.

Аудандық білім бөлімдері, содан кейін облыстық білім басқармалары ұсынылған есептер негізінде білім алушылардың білім сапасының мониторингтік көрсеткіштерін және білім беру процесін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды қоса бере отырып, аудан/облыс бойынша жиынтық есеп қалыптастырады.

Өңір бойынша жиынтық есепті Облыстық білім басқармасы Кешеннің іске асырылуы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу үшін Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына ұсынады.

Есеп жыл сайын аудандық бөлімде және Облыстық білім басқармасында тыңдалады.

Есепті қарау қорытындысы бойынша Кешен әкімшілігі келесі оқу жылына арналған білім беру процесін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, бұйрықпен бекітілетін педагогтердің біліктілігін арттыру бағыттарын нақтылайды.

Аудандық білім бөлімдері, Облыстық білім басқармалары аудандық/облыстық тамыз педагогикалық конференцияларында Кешеннің жұмысын іске асыруға ерекше үлес қосқан педагогтерді марапаттай отырып, үздік Кешендердің жұмыс тәжірибесін көпшілікке ұсынады және жаңа оқу жылына арналған ұсынымдар әзірленеді.

Виртуалды білім берудің артықшылықтары:

1. Кез келген уақытта білім алу мүмкіндігі. Қашықтан оқытылатын білім алушы материалды меңгеруге қашан және қай уақытта кірісетінін өздігінше шеше алады.

2. Өз қалауыңыз бойынша білім алу мүмкіндігі. Білім алушы қатарластарымен артта қаламын деп қобалжудың қажеті жоқ. Сіз әрқашан күрделі мәселелерді зерттеуге қайта орала аласыз, бірнеше рет видео дәрістерді көре аласыз, педагогпен хат алмасып және оны қайта оқи аласыз, өзіңізге белгілі тақырыптарды өткізіп жібере аласыз. Ең бастысы жақсы нәтиже көрсету.

3. Кез келген жерде білім алу мүмкіндігі. Білім алушылар үйден шықпай-ақ, әлемнің кез келген жерінде оқи алады. Оқытуды бастау үшін сізде Интернетке қосылған компьютер болуы керек. Күн сайын мектепке бару қажеттілігінің болмауы, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы.

4. Оқудың жоғары нәтижелері. Американдық ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, қашықтан оқыту нәтижелері дәстүрлі білім беру нәтижелерінен кем түспейді, тіпті, одан да жоғары. Қашықтан білім алушы оқу материалдарының көпшілігін өздігінен оқиды. Бұл тақырыптарды есте сақтау мен түсінуді жақсартады. Ал білімді практикада, жұмыста бірден қолдана білу олардың

білімдерін бекітеді. Сонымен қатар, оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану оны қызықты ете түседі.

5. Мобильділік. Педагогтермен байланыс синхронды және асинхронды жолдармен өткізіледі. Қанша артықшылықтарын келтірсек те, қашықтан оқытудың кемшіліктері де жоқ емес.

Қашықтан оқытудың кемшіліктері:

1. Күшті мотивацияның қажеттілігі

Қашықтан білім алушы барлық оқу материалдарын дербес оқиды. Бұл ерік-жігер, жауапкершілік пен ұстамдылықты талап етеді. Сыртқы бақылаусыз оқудың қарқыны төмендейді.

2. Қашықтан білім беру коммуникативтік икемділікті дамыту үшін қолайсыз.

Қашықтан оқыту кезінде білім алушылар бір-бірімен және педагогтермен жеке байланысы аз болады. Сондықтан оқытудың бұл формасы сыпайылықты, сенімділікті, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға жарамайды.

3. Практикалық білімнің болмауы.

Көптеген практикалық сабақтарды қамтитын мамандықтар бойынша оқыту қашықтықта қиынға түседі. Тіпті, ең заманауи тренажерлар болашақ дәрігерлерге немесе педагогтерге тәжірибені алмастыра алмайды.

4. Компьютерлік сауаттылықтың жеткіліксіздігі.

Негізінен, педагогтер құрамының аға буыны қашықтан оқыту технологиясын меңгеруде қиындықтар туындайды.

5. Шалғай өңірлердің қашықтығы.

Қазақстанда шалғай аудандарда қашықтан оқытуға ерекше қажеттілік туындайды. Алайда, оқығысы келетіндердің көбісінде интернетке қосылған компьютер жоқ.

Қазіргі кезде Қазақстан білім алушылары қашықтан білім алуда, бұл оқыту түрі дарынды, ізденімпаз оқушы үшін тиімді болса, ал үлгерімі мен жауапкершілігі төмен оқушы үшін біршама қиынға соғары сөзсіз...

Қашықтан оқыту дегеніміз – педагог пен білім алушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

1. «БІЛІМ АЛ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ НЕГІЗІНДЕ ВИРТУАЛДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

2.1 Жоба атауы: «БІЛІМ АЛ» өңірлік жобасы

Жобаны іске асыру мерзімдері 2022-2023 оқу жылы (пилоттық режимде I оқу жылы)

2.2 Жобаны іске асыруда қолданылатын терминдер:

1. виртуалды білім беру – білім алушылар мен педагогтер техникалық құралдарды оқыту процесінде тиімді пайдалана отырып сапалы, қолжетімді білім алу (беру) мүмкіндігіне қолжеткізу.

2. білім беру платформасы – цифрлы білім беру платформасы

3. виртуалды сынып – білім алушылар мен педагог интернет желісін пайдалана отырып, өзара қарым-қатынас жасауға, ақпаратты беруге және талдауға мүмкіндік алатын қашықтан оқыту технологиясы немесе виртуалды оқыту платформасында жасақталған сынып;

4. виртуалды педагог – тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеуде шағын жинақты мектептерде виртуалды сабақтар өткізу, шағын жинақты мектеп педагогтеріне әдістемелік қолдау көрсету бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға.

5. виртуалды педагогтің ассистенті – тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар, шағын жинақты мектепте онлайн оқытуды ұйымдастыру бойынша (сыныптың виртуалды сабаққа қосылуын бақылау, білім алушыларға кері байланыс беру, зерделенген материалды бекіту, кері байланыс беруде платформада үй тапсырмаларын жүктеуді бақылау және т.б.) виртуалды педагогтің көмекшісі ретінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын магнитті мектеп педагогі.

2.3 Жоба негіздемесі

«БІЛІМ АЛ» өңірлік жобасы миссиясы: білім алушылардың бойында ЖММБС-ға сәйкес заманауи техникалық құралдарды пайдаланып виртуалды білім беруді ұйымдастыру арқылы цифрлық сауатты, білім бәсекесіне қабілетті, білімді, тәрбиелі, цифрлық мәдениетті ұстана білетін тұлғаны қалыптастыру.

Жоба Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық басымдықтары туралы» 2021 жылғы 26 ақпандағы № 520 Жарлығының 3-тармағын («Сапалы білім») және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 қаулысының міндеттеріне, Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының Үшінші бағдар. «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» талаптарына, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы

Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 521 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының «Қолжетімді және сапалы білім» тарауына сәйкес әзірленді.

Жобаны іске асыру Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы мен «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы сәйкес жүзеге асырылады.

Жоба Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 489 бұйрығымен бекіткен «2023-2025 жылдарға арналған білім беруді дамыту жөніндегі жол картасының (бұдан әрі – Жол картасы)» Орта білім тарауының ауыл мектептерін дамытуға арналған 25-ші («Біріктірілген сыныптардың білім алушыларының жеке қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып ШЖМ үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру») және 34-тараушаларын («Бір тірек мектебіне 5-6 шағын жинақты мектепті бекіту арқылы шағын жинақты мектептерді қайта ұйымдастыру») басшылыққа ала отырып әзірленді.

2.4 Ағымдағы жағдайға талдау

Ақтөбе облысында барлығы 424 мектеп бар (404 - мемлекеттік жалпы білім беру, 14 - жекеменшік, 2 – кешкі және 4 – түзету мектептері). 418 жалпы білім беретін мектептің 137-сі қалалық (32,7%) және 281-і ауылдық (67,2%) жерде орналасқан. Ауылдық мектептердің 204-і (49%-ы) шағын жинақты мектептер. 204 ШЖМ-ның 21-і бастауыш, 75-і негізгі және 108-і жалпы орта білім беретін мектептер. Ауыл мектептерінің контингенті – 14 546 білім алушы.

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша қалалық мектептердің білім сапасы 63% - 4, ауылдық мектептердің білім сапасы 48% - ды құрайды.

Өңір бойынша шағын жинақты мектептердегі туындағын қиындықтар:

- материалдық-техникалық базаның әлсіздігі және инфрақұрылымның жағдайы;

- әртүрлі жастағы аралас сыныптарда білім беру қиындықтары;

- педагогикалық кадрлардың, оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстардың жетіспеушілігі;

- білім алушылар санының аздығына байланысты білімдегі бәсекелестік пен коммуникативтік дағдылар дамуының төмендігі және т.б.

Шағын жинақты мектептердің шарттары білім алушыларды кәсіптік бағдарларын ескере отырып, таңдау бойынша бейіндік пәндер және курстармен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Халықтың тығыз орналасуына байланысты облыстағы аудандарда шағын жинақты мектептердің саны да әртүрлі: басым бөлігі Қобдада – 22 (*облыстың барлық мектептерінің 10,7%*), Мұғалжарда – 21 (10%), Әйтеке биде – 21 (10%), Шалқарда – 20 (9,8%), Алғада – 18 (9%).

Облыстағы 204 шағын жинақты мектептің 153-і қазақ тілінде, 11-і орыс тілінде және 40-ы аралас тілде білім береді. 115 мектеп типтік және 89-ы бейімделген ғимараттарда орналасқан.

Облыста барлығы 19 326 педагог бар, оның ауылдық жерлерде қызмет атқаратыны – 47% (9064 педагог). ШЖМ педагогикалық корпусының сандық және сапалық талдауы педагог кадрлардың 23% (4454) жұмыс істейді. Оның ішінде жоғары білімі бар – 3548 педагог (80%), техникалық және кәсіптік – 906 педагог (20%). 99-ы (2,2%) педагог маман емес қызметкерлер.

ШЖМ педагогтерінің біліктілік сипаттамалары салыстырмалы түрде төмен. Жоғары санатты ШЖМ педагогтерінің үлесінде «педагог-шебер» – 6 (0,1%); «педагог-зерттеуші» 12,6%; «педагог-сарапшы» 26,4%-ды құрайды және санаты жоқ педагогтер – 40%.

ШЖМ педагогтерінің біліктілігінің төмендігі олардың кәсіби деңгейін арттыру бағытындағы шараларды қажет етеді.

Облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар жеңімпаздарының жалпы санынан ауыл білім алушыларының үлесі 9,3% құрайды.

Бүгінде өңірдегі білікті педагогикалық кадрлардың қажеттілігі 99 педагогті құрайды, оның ішінде жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша 50 педагог қажет. Оқыту пәндері бойынша Мәртөк, Әйтеке би және Қобда аудандарының шағын жинақты мектептерінде педагогтер жетіспейді.

«БІЛІМ ALL» өңірлік жобасы өңірдегі шағын жинақты ауыл мектептерінің білім сапасын көтеру, баланың тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы білім алуына жағдай жасау, тең мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында әзірленіп отыр.

Жоба 2022 жылғы қараша айында басталды. Іске асырылып жатқан Жобада 10 575 білім алушы, 120 мектеп қамтылған. Үздік білім нәтижелері бар 10 жетекші мектептің 35 үздік педагогі «Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша шағын жинақты ауыл мектебінің білім алушыларына онлайн сабақты ұйымдастырып, виртуалды түрде қызметін атқарады. Жобаны сәтті жүзеге асыру арқылы виртуалды білім беру нәтижесінде білім алушылардың білім сапасын арттыру, шағын жинақты мектеп

педагогтерінің цифрлық оқулықтар мен электронды ресурстарды тиімді пайдалану белсенділіктерінің артқаны байқалуда.

2.5 Жобаның өзектілігі, мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Жобаның өзектілігі:

Біріншіден, «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасын ұйымдастыру және енгізу – Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің № 636 Жарғысының 3-жалпыұлттық басымдық «Сапалы білім» тарауын, Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1-қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауын басшылыққа ала отырып шағын жинақты мектеп білім алушылары мен педагогтері үшін әзірленген Жоба.

Екіншіден, «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес іске асырудың нормативтік-құқықтық, қаржылық және мазмұндық-технологиялық тетіктерін айқындайды.

Үшіншіден, «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасын іске асыру Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы мен басқа да НҚА-ларға сәйкес жүзеге асырылады.

Жобаның мақсаты – өңірдегі жетекші мектептердің үздік педагогтерінің қолдауымен виртуалды оқыту жүйесін қалыптастырып шағын жинақты мектеп білім алушыларының сапалы білім алуын қолжетімді ету.

Жобаның міндеттері:

- өңірдегі шағын жинақты мектеп білім алушыларына сапалы білім беруді қолжетімді ету;
- өңірдегі қала мектебі мен ауыл мектептері арасындағы білім берудегі алшақтықты азайту (PISA нәтижелері бойынша);
- өңірлік (отандық) білім беру платформасын қалыптастыру арқылы виртуалды білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу;
- өңірдегі шағын жинақты мектеп білім алушыларына виртуалды білім беру арқылы ерте кәсіптік бағдарлауда бейінді және бейіналды білім беру жүйесін дамытуға жағдай жасау;
- педагог кадрлар жетіспейтін өңірлердегі шағын жинақты мектептерді сапалы педагогтермен қамту;
- виртуалды білім беру жүйесін қалыптастыруда мектептердің МТБ-сын жақсарту;
- виртуалды білім беру жүйесінде педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу;

- шағын жинақты мектеп білім алушыларына виртуалды коллаборация жасау, виртуалды ортада әлеуметтендіру, цифрлық сауаттылық пен құзыреттіліктерін, цифрлық қарым-қатынасты құру арқылы сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру;

- цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім алушылар мен педагогтер бойында цифрлық машық-дағдыларды қалыптастыру;

- өңірдегі педагогтердің виртуалды, пәндік білім-білік дағдыларын трансформациялауда цифрлық кеңістікте инновацияларды жариялау, тарату дағдыларын қалыптастыру;

- өңірдегі тірек мектептердің МТБ-сын жақсарту, тірек мектептердің педагогтерін виртуалды педагогтер ретінде даярлау;

- жетекші мектептердің виртуалды педагогтері тірек мектептердің педагогтеріне тәлімгерлік жасау жолымен виртуалды білім беруді әрі қарай дамыту, бірлескен жұмыстар және т.б. жоспарлы түрде ұйымдастырылады.

Жобадан күтілетін нәтижелер

- өңірдегі шағын жинақты мектеп білім алушыларына сапалы білім алу қолжетімді болады;

- өңірдегі қала мектебі мен ауыл мектептері арасындағы білім берудегі алшақтық азаяды (PISA нәтижелері бойынша);

- өңірлік (отандық) білім беру платформасы қалыптасып, виртуалды білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізіледі;

- өңірдегі шағын жинақты мектеп білім алушыларына виртуалды білім беру арқылы ерте кәсіптік бағдарлауда бейінді және бейіналды білім беру жүйесін дамытуға жағдайлар жасалады;

- педагог кадрлар жетіспейтін өңірлер сапалы педагогтермен қамтылады;

- виртуалды білім беру жүйесін қалыптастыруда мектептердің МТБ-сы жақсарады;

- виртуалды білім беру жүйесінде педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу жүргізіледі;

- шағын жинақты мектеп білім алушылары виртуалды коллаборацияға түседі;

- виртуалды ортада әлеуметтену жүргізіледі;

- білім алушылардың цифрлық сауаттылық пен құзыреттіліктері дамиды;

- цифрлық қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы сапалы білім беру жүйесі қалыптасады;

- цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім алушылар мен педагогтер бойында цифрлық машық-дағдылар қалыптасады;

- өңірдегі педагогтердің виртуалды, пәндік білім-білік дағдыларын трансформациялауда цифрлық кеңістікте инновациялары жарияланады, оларды өздігінен тарату дағдылары қалыптасады;

- өңірдегі тірек мектептердің МТБ-сы жақсарады, тірек мектептердің педагогтері виртуалды педагогтер ретінде даярлықтан өтеді;

- жетекші мектептердің виртуалды педагогтері тірек мектептердің педагогтеріне тәлімгерлік жасап, виртуалды білім беруді үрдісі әрі қарай дамиды, бірлескен жұмыстар жоспарланып ұйымдастырылады және т.б.

Жобаны іске асыру тетіктері

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Осы Жоба білім беру саласындағы ҚР заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Өңірлік білім беру басқармасы «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасын апробациядан өткізу және виртуалды білім беруді ұйымдастыру туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігіне хат жолдайды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасын апробациядан өткізу және виртуалды білім беруді ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады.

Облыстық білім басқармасы «Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарында «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасын апробациядан өткізу және виртуалды білім беруді ұйымдастыру туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығын басшылыққа ала, Облыста пилоттық жобаны іске асыру туралы бұйрық шығарады.

Аудандық білім бөлімі Облыстық білім басқармасының бұйрығы негізінде ауданда пилоттық жобаны іске асыру туралы бұйрық шығарады.

Облыстың білім басқармасы мен аудандық білім бөлімі ауданда және облыста жобаны іске асыруды:

- жобаның нормативтік-құқықтық және мазмұндық-қызметтік тараптарын үйлестіреді;

- оқу процесін ұйымдастыру және басқару мәселелері бойынша кеңес береді;

- мектеп директорлары мен педагогтеріне әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетуді жүзеге асырады.

Білім жетістіктерін арттыру индикаторлары

2023-2024 оқу жылында:

1. жобаға қатысушы ауыл балаларының білім сапасын 12%-ға арттыру (48%-ден 60%-ға);

2. «Математика» (12%), «Физика» (12%), «Химия» (12%), «Биология» (12%), «Ағылшын тілі» (12%), пәндері бойынша білім сапасын арттыру;

3. дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдарына оқуға қабылданатын ауыл балаларының үлесін 10%-ға арттыру;

4. Облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар жеңімпаздарының жалпы санынан ауылдық мектеп білім алушыларының үлесін 10%-ға артыру.

Жобаны іске асыру бойынша жоспарланған іс-шаралар:

1. Тірек мектептердің педагогтерін виртуалды педагог ретінде даярлай отырып педагогтердің тізімін қайта жасақтау;
2. Виртуалды платформада сабақтарды ұйымдастыру бойынша сабақ кестесін құру;
3. Виртуалды педагогтер сабақ өткізу үшін материалдық-техникалық база әзірлеу және бейімдеу;
4. Виртуалды педагог, модератор және білім алушылар арасындағы интерактивті байланысты ұйымдастыру;
5. Виртуалды педагог пен виртуалды педагогтің ассистенті бірлесе отырып сабақ жоспарын құру;
6. Интернет жылдамдығы жоғары қашықтан білім алу мүмкіндігі бар мектептер тізімін анықтау;
7. Алдағы уақытта Жобаға кірмеген шағын жинақты мектептердің қамтылуын қарастыру, мәселелерді анықтау, шешу;
8. «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасын пилоттық режимде шағын жинақты мектептерге енгізуді жалғастыру, жіберілген кемшіліктерді дер кезінде анықтап, оларды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізу;
9. тоқсан сайын әр пән бойынша бақылау тапсырмаларын алып отыру арқылы жобаның нәтижелілігін анықтау.

Жобаға қатысушылардың құрамы мен функционалдық міндеттері

Пилоттық жобаны іске асыруға 10 жетекші мектеп, 35 педагог, 120 шағын жинақты мектептердің 6-11-сыныптарынан 10575 білім алушы қатысады.

Облыстық білім басқармасы:

- педагогтерді қолжетімді цифрлық жабдықтарды пайдалануға, қашықтан оқыту үшін оқу материалдарын әзірлеуге үйретеді, виртуалды білім беру процесін іске асыру үшін педагогтерге оқыту семинарларын (біліктілік арттыру курстарын) ұйымдастырады;
- платформада жұмыс жүргізу бойынша білім алушылар мен педагогтерге қажетті нұсқаулық әзірлейді, кеңестер беріледі;
- жауапты маман, виртуалды сыныптар мен сынып жетекшілері, виртуалды педагогі бар арнайы чаттар, боттар құрылып, білім беру процесінде туындаған мәселелер талқыланады, кері байланыстар беріледі;

Виртуалды педагог пен оның ассистенті:

- пәндер бойынша виртуалды сыныптар жасақтап, виртуалды журналдар жүргізеді (білім алушылардың сабаққа қатыспау себептерін анықтайды, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жүргізу жоспарын құрып, жоспарды іске асыру бойынша жұмыстарын жүргізеді);
- виртуалды сабақтардың Үлгілік оқу бағдарламалардың мақсаттарына сай құрылуын, сабақтардың білім алушылардың қызығушылығын тудыратын заманауи материалдармен толықтырылуын басшылыққа алады;
- виртуалды сабақтардың сабақ кестесіне сәйкес өтуін, интернеттен

алынған материалдардың сапасы мен мазмұнының (саяси, діни астарына) талапқа сай берілуін қадағалайды.

- білім алушылардың материалды меңгеруіне (түсінуіне, қабылдауына, сараптай, саралай білуіне) көңіл бөліп, білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша жеке даму жоспарын құрады.

Білім алушылар:

- виртуалды сабақтың өтуіне жауапкершілікпен қарап, берілген материалды меңгеруі тиіс;

- пәнді оқыту бойынша сұрақтар туындаған жағдайда виртуалды сабақты бөлмей, педагогтің назарын өзіне аудармай, сабақ аяқталған соң, түсінбеген сұрақтарын ассистенттен сұрауға немесе чаттар арқылы виртуалды педагогке жолдаса болады;

- ММЖБС талаптарын орындау барысында сабаққа жауапкершілікпен қарап, сабақты себепсіз босатуға жол бермейді;

- сабақтан алған білімін өмірлік жағдайда дұрыс пайдалануға тырысуы қажет;

- заман талабына сай цифрлық, функционалды сауатты, білімді, мәдениетті, құзыретті тұлға болып қалыптасуға мән беруі қажет.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

- «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасының іске асуын қадағалау, апробация мен жоба жұмысына мониторинг жүргізеді;

- «БІЛІМ ALL» өңірлік жобасына ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсетеді.

Қаржылық қамтамасыз ету

Жобаны қаржыландыру жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен немесе өңірдің «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына өтінім беруі арқылы жүзеге асырылады.

Жобаны іске асыру кезінде жергілікті атқарушы органдар:

- білім беру ұйымдарын сапалы интернетке қосу;

- пилоттық жоба үшін педагогтерге қосымша ақы қарастыруды;

- білім алушыларға «жалға беру негізінде» планшеттер/нетбуктар беру шығындарын көздеуі қажет.

Жобаны мазмұнды-технологиялық қамтамасыз ету

Виртуалды оқыту жүйесін 2023-2024 оқу жылында еліміздің барлық өңірлерінде кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтер қатарынан виртуалды педагогтің жұмысын ұйымдастыру бойынша оқу-әдістемелік көмек пен ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетеді.

Жобаны бағалау рәсімі

Әр тоқсанның, оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп әкімшілігі білім алушылардың білім сапасының мониторингтік көрсеткіштерін қоса бере отырып, талдамалық есеп қалыптастырады.

Аудандық білім бөлімі, содан кейін Облыстық білім басқармасы ұсынылған есептер негізінде білім алушылардың білім сапасының мониторингтік көрсеткіштерін және білім беру процесін жақсарту бойынша ұсыныстарды қоса бере отырып, аудан/облыс бойынша жиынтық есеп қалыптастырады.

Облыс бойынша жиынтық есепті Облыстық білім басқармасы жобаның іске асырылуы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу үшін Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясына ұсынады.

Есептер жыл сайын мектеп, аудандық және облыстық деңгейлерде талқыланады.

Есепті қарау қорытындысы бойынша мектеп әкімшілігі келесі оқу жылына арналған білім беру процесін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, бұйрықпен бекітілетін педагогтердің біліктілігін арттыру бағыттарын нақтылайды.

Аудандық бөлімдер, облыстық білім басқармалары аудандық/облыстық тамыз педагогикалық конференцияларында үздік педагогтерді марапаттаумен жоба бойынша табысты жұмыс тәжірибесін, жаңа оқу жылына ұсынымдар ұсынады.

3. «БІЛІМ АЛ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Ақтөбе облысында басталған «Білім ал» пилоттық жобасын саралай келе, сабақтарды «стриминг» түрінде, яғни 1 педагогтің 120 мектептің 10 000-ға жуық білім алушыларына лекция түрінде өткізіліп жатқан сабақтарын саралай келе, бұл әдістің тиімсіз тұстары анықталды. Шағын жинақты мектептерде сапалы білімді қолжетімді етуге бағытталған тың бастама оң шешімін тапты, дегенмен жұмыстың бағытына келесідей өзгерістер енгізі ұсынылады:

1. Сабақтардың сапасын арттыру мақсатында шағын жинақты мектептер білім алушылары үшін қашықтан оқытылатын сабақтарды «Тірек мектебі – магнитті мектептер» арқылы іске асыру;

2. Әр тірек мектебі магнитті мектептегі білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында әр ауданнан тірек мектептерін ашу;

3. Магнитті мектеп білім алушыларының білім сапасын арттыру мақсатында тоқсан сайын білім алушылардың білім жетістігіне мониторинг жүргізу және т.б.

Ақтөбе облысындағы мектептердің негізгі бөлігі ауылдық жерлерде орналасқан 281 (72,5%), оның ішінде 204 (облыс мектептерінің жалпы санының 50%) шағын жинақты болып табылады. Осыған байланысты шағын жинақты мектептердің білім алушыларында оқыту деңгейін сырттай бағалау сәтсіздікке ұшырайды, өйткені ШЖМ педагогтерінің 1398 (40%) біліктілік санаты жоқ, бұл аудандық және Облыстық білім басқармаларының педагогтері мен әдіскерлерінің педагогикалық жауапкершілігінің төмендігін көрсетеді, өйткені педагог мәртебесі мен оның әдістемелік біліктілігі сақталмайды;

Облыстағы педагогтердің педагогикалық құрамы 19 326 педагогтен тұрады, оның ішінде ауылдық мектептердің педагогтері – 9 064 (46,9%), ШЖМ-да 4 414 (22,8%) педагог қызмет атқарады. Осыған байланысты педагогтерге келесідей ғылыми-әдістемелік қолдау қажет:

- қашықтан оқытудың әртүрлі модельдерінде білім беру ортасын құру;
- қашықтан оқытуда білім алушыларды оқу процесіне тарту;
- оқытудың әртүрлі модельдерінде ресурстар мен тапсырмаларды пайдалану;
- педагогпен және білім алушылармен қашықтан оқыту форматта сындарлы диалог жүргізу;
- оқу мен оқытудың әртүрлі үлгілері бойынша сабаққа мазмұнды дайындалу және сабақтың жоспарын әзірлеу;
- шағын жинақты мектептердің барлық білім алушыларын тарту үшін әртүрлі үлгілерді ұйымдастыру;
- оқу мен оқытуда цифрлық шешімдерді қолдана отырып, сабақты жоспарлау;

- ассистенттермен, оқудағы және оқытудағы әріптестермен ынтымақтастық, сондай-ақ командалық рухты қалыптастыру;
- цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін пайдалану;
- білім алушыларды оқытудың әртүрлі үлгілерінде формативті бағалау (білім алушылардың қажеттіліктерін анықтау бойынша сұрақтар қою, педагогпен де, білім алушылармен де кері байланыс жүргізу, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау, білім алушылардың оқу деңгейін немесе жетістіктерін айқындау үшін бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлеу);
- цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, оқу бағдарламасының бөлімі мен кіші бөлімі үшін жиынтық бағалау үшін тапсырмалар әзірлеу;
- педагогтер мен білім алушылар үшін қашықтан оқытудың ыңғайлы кестесін құру және білім беру процесіне барлық қатысушылардың оқу процесіне уақтылы қосылуы;
- педагогтер мен білім алушылардың өздерін және өз дағдыларын қашықтан оқыту форматында орналастыру дағдылары мен машықтарын дамыту.

Ақтөбе облысының шағын жинақты мектептерінде білім беру сапасының төмендеу себептерін талдау келесідей ілеспе факторларға да байланысты:

- жеке ШЖМ-да интернеттің төмен жылдамдығы немесе толық болмауы, бұл педагогке уақыт талаптарына жауап беруге мүмкіндік бермейді және білім алушылардың сұраныстарына сәйкес сабаққа толық дайындалады және олардың кең спектрлі дағдыларын дамытады;
- бұл цифрлық оқу жабдықтарымен жабдықталуының төмендігі, сонымен қатар әртүрлі форматтағы сабақтарды жүргізуге және цифрлық технологиялар мен білім беру ресурстарын, сондай-ақ білім алушыларға қосымша білім беруді ұйымдастыру үшін жағдайларды пайдалануға мүмкіндік бермейді;
- Шағын жинақталған мектептердің 89-ы (44%) бейімделген ғимараттарда орналасқан, бұл су, жол, инфрақұрылым, ересектер үшін жұмыс, балалардың туу деңгейінің төмендігі сияқты өмірлік маңызды жағдайлардың болмауына байланысты ауыл дамымайтындығының көрсеткіші;
- білім алушылардың монотонды оқыту формалары мен әдістеріне, оқытудағы педагогикалық немқұрайлылыққа байланысты мотивациясы төмен;
- негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушыларды оқытудың жеке траекториясын анықтау және ерте бейіндеу бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін жағдайдың болмауы.

Осыған орай, Ақтөбе облысындағы 12 аудан бойынша тірек мектептер анықталып, ол мектептерден жобалы түрде виртуалды педагогтер анықталды.

Келесі кестеде 1-аудан Әйтеке би ауданы бойынша мәлімет берілген.

1-аудан. Әйтеке би ауданы бойынша

Сапалы білімді қолжетімді ету үшін білім алушыға сапалы интернет қолжетімді болуы тиіс. Сондықтан аталған аудандағы тірек мектептердің интернет жылдамдығы қарастырылды.

1-кесте. Әйтеке би ауданындағы тірек мектептердің интернет жылдамдығы

№	Тірек мектебі	Интернет жылдамдығы	Магнитті мектептер	Интернет жылдамдығы
1	Т.Шевченко ат. ЖОББМ мектебі	70 Мбит/сек	1. Белқопа ЖОББМ	10 Мбит/сек.
			2. Еңбекту ЖОББМ	10 Мбит/сек.
			3. Жарөткел НББМ	10 Мбит/сек.
2	Кабасақ ЖОББМ	10 Мбит/сек.	1. Аққұм НББМ	10 Мбит/сек.
			2. Байжанкөл БББМ	10 Мбит/сек.
3	Тереңсай ЖОББМ	10 Мбит/сек.	1. Сұлукөл ЖОББМ	10 Мбит/сек.
			2. Ақтасты ЖОББМ	10 Мбит/сек.
			3. Толыбай ЖОББМ	10 Мбит/сек.
4	Сарат ЖОББМ	10 Мбит/сек.	1. Басқұдық ЖОББМ	10 Мбит/сек.
			2. Мамыт НББМ	10 Мбит/сек.
5	Ж. Сарсенов ат. ЖОББМ	40 Мбит/сек.	1. Абай ЖОББМ	10 Мбит/сек.
			2. Жамбыл ЖОББМ	10 Мбит/сек.
			3. Сейсекенов ЖОББМ	10 Мбит/сек.
			4. Қыналы НББМ	10 Мбит/сек.
			5. Талдық НББМ	10 Мбит/сек.
			6. Милы БББМ	10 Мбит/сек.
6	Үшқатты ЖОББМ	10 Мбит/сек.	Үшқатты ЖОББМ	10 Мбит/сек.

Кестеден көріп отырғанымыздай, берілген 6 тірек мектебінің де интернет жылдамдығы 10 Мбит/секунд. Берілген интернет жылдамдығы виртуалды білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік бере алады. Осы кестеде Әйтеке би ауданы бойынша 6 тірек мектептері мен 18 магнитті мектептің интернет жылдамдығы көрсетілген. Келесі кестеде Әйтеке би ауданы бойынша тірек мектептерде виртуалды оқытуды ұйымдастыруда 5 пән бойынша (математика, физика, химия, биология және ағылшын тілі) сабақ өткізуге бөлінген педагогтер бойынша мәлімет берілген.

2-кесте. Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы бойынша тірек мектебінің виртуалды педагогтері туралы мәлімет

№	Тірек мектебі	Магнитті мектептер	мектептің оқыту тілі	педагогтің аты-жөні	педагогтің оқыту пәні	жасы	педагогтік еңбек өтілі	санаты	магнитті мектептің
---	---------------	--------------------	----------------------	---------------------	-----------------------	------	------------------------	--------	--------------------

			Қазақ/орыс/аралас						
1	Т.Шевченко ат. ЖОББМ	Еңбекту ЖОББМ		Нурпиисова Гульнур Куанышевна	математика	35	10	педагог-зерттеуші	59
		Жарөткел НОББМ		Көнекбай Асхат Берікұлы	физика	26	5	педагог-модератор	53
		Белқопа ЖОББМ		Жұмабекова Ақерке	химия	23	1	санатсыз	78
				Абдирова Айгүл Утегеновна	ағылшын	49	24	санатсыз	
				Бураханова Людмила Геннадиевна	биология	51	29	педагог-зерттеуші	
2	Жабасак ЖОББМ	Аққұм НОББМ		Уликбанова Мейрамгул Абдуалиевна	математика	53	24	Педагог зерттеуші	51
		Байжанкөл БББМ		Мамбетов Ербол Октябрьұлы	физика	32	8	Педагог модератор	10
				Сапарова Гулбаршын Аамандыковна	биология	37	12	Педагог сарапшы	
				Сарсембаева Гаухар Зинегабдиновна	химия	45	22	Педагог сарапшы	
				Садирова Арайлым Каниевна	Ағылшын тілі	47	27	Педагог зерттеуші	
3	Тереңсай ЖОББМ	Сұлукөл ЖОББМ	Қазақ	Калданова Бейнегуль Станбековна	Химия биология	55	26	Педагог-зерттеуші	59
		Толыбай ЖОББМ		Мамбетова Рабига Жолжановна	Математика	58	36	Педагог-сарапшы	55
		Ақтасты ЖОББМ		Жумашева Гулим Сериковна	Физика	32	11	Педагог-модератор	76
				Дуйсенеева Гульжанар Жумахметовна	Ағылшын тілі	35	14	Педагог	
4	Сарат ЖОББМ	Басқұдық ЖОББМ		Кожажулова Самал Мергенбаевна	математика	33	12	Педагог-сарапшы	102

		Мамыт НОББМ		Жаңабаев Рифат Меңдіболатұлы	математика	27	5	Педагог- модератор	35
				Кемалова Акнұра Жумағалиевна	физика	41	18	Педагог- зерттеуші	
				Бодықов Рақымжан Қуанышбайұлы	Химия- биология	44	12	-	
				Маханова Айнагүл Бітімбайқызы	Ағылшын тілі	41	18	Педагог- зерттеуші	
5	Ж.Сарсен ов ат. ЖОББМ	Абай ЖОББМ	Қазақ	Нұртаева Ақсая Русланқызы 9,10,11 кл	Математика	24	2	педагог	114
		Қыналы НОББМ		Дидарұлы Әнуар 6,7,8кл	Математика	20	0	педагог	49
		Сейсекенов ЖОББМ		Айтқазы Жадыра 8,10кл	химия	29	7	Педагог- модератор	78
		Жамбыл ЖОББМ		Бисенова Жанар Нурбергеновна	химия	34	7	педагог	88
		Талдық НББМ		Тлеукулова Алтыншаш Абылаевна7,8,9, 10,11кл	биология	26	0	педагог	44
		Милы БББМ		Тынымбаева Куляй Амирхановна 7,8,9,11кл	Ағылшын	45	19	Педагог- зерттеуші	10
				Сызбулатова Альмира Тағыбергеновна 10 кл	ағылшын	38	18	Педагог- сарапшы	
				Махамбетова Гульнур Габидуллаевна 7,8,9,10,11 кл	физика	36	11	педагог	

Әйтеке би ауданы бойынша виртуалды оқытуды ұйымдастыруға ұсынылған педагогтердің саны 5 пән бойынша 27. Педагогтердің орташа жасы 37,6. Орташа еңбек өтілі 14 жыл. Оның ішінде педагогі немесе санаты жоғы – 7. Санаты жоқ педагогтерден білім алатын білім алушы саны – 432. «Педагог-модератор» саны 5. Бұл мектептерде 311 білім алушы білім алады. «Педагог-сарапшы» саны – 5. Бұл мектепте 216 білім алушы білім алады. «Педагог-зерттеуші» - 8. Бұл мектептерде 179 білім алушы білім алады. 2-кестеде Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы Т. Шевченко тірек мектебінің виртуалды педагогтері және магнитті мектептердегі бала саны туралы толық мәлімет көрсетілген. Келесі кестеде Әйтеке би ауданындағы магнитті мектеп педагогтері бойынша мәлімет берілген.

3-кесте. Магнитті мектеп педагогтері туралы мәлімет

Магнитті мектептер	Педагогтер саны	Педагогтер						Жасы				Еңбек өтілі				Кадр тапшылығы			
		шебер	зерттеуші	эксперт	модератор	педагог	санатсыздар	Жас маман (0-3 жылға дейін)	Орта жаста (55 жасқа дейін)	Зейнеткерлікке жақын (56-60)	зейнеткер	1-5 жыл	6-15 жыл	16-25 жыл	26 жылдан жоғары	саны	пәні	пәні	пәні
Белқопа ЖОББМ	28		4	7	9	3	5	1	25	2		1	18	7	2	1	химия		
Еңбекту ЖОББМ	25		5	4	6	2	8	4	19	2		5	6	10	4	2	информатика	орыс тілі	
Жарөткел НББМ	20		1	7	4	0	8	4	16	0		8	6	6	0	0	0	0	0
Аққұм НББМ	20			2	6	12		1				2	13	4	1				
Байжанкөл БББМ	5			3			2		5			2	2		1	0			
Сұлукөл ЖОББМ	22		2	8	4	2	6	8	13	1		7	2	6	5	1	физика		
Ақтасты ЖОББМ	23		1	4	8	1	9	5	1	2		9	10	2	2	2	математика	имия	
Толыбай ЖОББМ	27		7	9	2	9	0	4	23	4		4	10	6	7	1	имия		
Басқұдық ЖОББМ	29		4	5	3	7		2	25	2						1	математика		
Мамыт НББМ	14		1	6	2		5	3	1	-		3	4	2	5	1	шетел тілі		
Абай ЖОББМ	28		5	8	4	3	8	2	22	4		5	11	2	10	-			
Жамбыл ЖОББМ	27		2	6	8	1		13	12	2		10	6	7	4	1		орыс тілі	
Сейсекенов ЖОББМ	26		1	8	6		11	2	20	4		6	9	7	4	1		химия	
Қыналы НББМ	21		-	6	8		7	5	21	-		6	5	6	4				

	18			5		8	5	2	14	1	1	5	4	3	6	2	информатика	химия	биология
Талдық НББМ																			
Милы БББМ	5		1	2	1				3	1			1	2	1	0			
Үшқатты ЖОББМ	16			7	4		5	3	13	1	2	4	2	7	3	3	Орыс тілі әдебиеті	математика	ағылшын
Барлығы:	354	0	34	97	75	68	79	59	233	26	3	77	109	77	59	16			

Берілген кестеде магнитті мектеп педагогтерінің саны, жасы, категориялары, еңбек өтілі туралы мәлімет берілген. Сондай-ақ, пәндер бойынша кадр тапшылығы көрсетілген. Кестеден көріп отырғанымыздай, магнитті мектептерде 354 педагог қызмет атқарады. Оның ішінде «педагог-шебер» жоқ, «педагог-зерттеуші» - 34, «педагог-сарапшы» – 97, «педагог-модератор» - 75, «педагог» – 68, санаты жоқтар – 79.

Педагогтерді жастары бойынша сараласақ, «3 жылға дейінгісі» – 59 педагог, орта жаста 55 жасқа дейіні – 233 және 56-60 жастағы, яғни зейнеткерлік жасқа жақыны – 26 педагог.

Магнитті мектеп педагогтерінің еңбек өтілі бойынша 1 жылдан 5 жылға дейін еңбек өтілі бары – 77, 6-15 жыл еңбек өтілі бары – 109, 16-25 жыл еңбек өтілі бары – 77 және 26 жылдан жоғары еңбек өтілі бары – 59. Кадр тапшылығы бойынша Әйтеке би ауданындағы магнитті мектептерде 16 педагог кадр жетіспеушілігі бар. Олар: «Химия» пәні бойынша - 5, «Информатика» пәні бойынша – 2, «Физика» пәні бойынша – 1, «Орыс тілі» пәні бойынша – 3, «Математика» пәні бойынша – 3, «Биология» пәні бойынша – 1 және «Шетел тілі» пәні бойынша – 2 педагог жетіспейтіндігі анықталып отыр.

Көріп отырғанымыздай, 354 педагогтің 79-ының санаты жоқ педагогтер, яғни магнитті мектептердің 22,3 пайыз педагогтердің біліктілік деңгейі төмен. Бұл көрсеткіш бойынша педагогтерге біліктіліктерін арттыру жұмыстарымен айналысу ұсынылады. Сонымен қатар 55 пен зейнеткерлік жасқа жақын педагогтердің саны 259, яғни 73 пайыз педагогтің жасы үлкен жаста екені анықталып отыр. 5 жасқа дейін, яғни жас педагогтер саны – 21,7 пайызды құрап отыр, яғни бұдан біз шағын жинақты ауылдарға жас педагогтердің аз баратынын көріп отырмыз.

Келесі кестеде қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін қажетті техникалық құралдар берілген.

4-кесте. Қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін қажетті техникалық құралдар

№	Тірек мектебі	сенсорлық тақта							VR көзілдіріктер	Магнитті мектеп	сенсорлық тақта						
		Камера	Микрофон	принтер	бағандар	ноутбук	Камера	Микрофон			принтер	бағандар	ноутбук	VR			
1	Т.Шевченко ат. ЖОББМ	2	2	40	2	2	2	40	Белкопа ЖОББМ	1	2	12	1	2	2	12	
									Еңбекту ЖОББМ	1	1	14	1	1	1	14	
									Жарәткел НББМ	1	1	9	1	1	1	9	
2	Жабасақ ЖОББМ	2	2	21	2	2	1	21	Акқұм НББМ	2	2	10	2	2	1	10	
									Байжанкөл БББМ	1	1	4	1	1	1	4	
3	Тереңсай ЖОББМ	2	2	15	3	3	1	15	Сұлукөл ЖОББМ	2	2	15	1	2	2	15	
									Ақтасты ЖОББМ	2	2	10	1	2	2	10	
									Толыбай ЖОББМ	1	1	12	1	1	1	12	
4	Сарат ЖОББМ	2	2	15	1	1	1	15	Басқұдық	2	2	20	2	10	1	20	
									Сарыбұлақ	2	1	10	1	10	1	10	
5	Ж.Сарсенов ат. ЖОББМ								Абай ЖОББМ	1	1	30	1	1	1	30	
									Жамбыл ЖОББМ	2	2	15	2	3	1	15	
		2	2	20	4	4	10	20	Сейсекенов ЖОББМ	1	1	10	1	1	1	10	
									Қыналы НББМ	1	1	14	1	1	1	14	
									Талдық НББМ	1	1	10	1	1	1	10	
									Милы БББМ	1	2	5	1	4	1	5	
6	Үшқатты ЖОББМ	1	1	5	1	0	5	5	Үшқатты ЖОББМ								

Кестеде қашықтан оқытуды ұйымдастыру үшін тірек мектептер мен магнитті мектептерге қажетті техникалық құралдар тізімі берілген. Бұл жерде әр мектепке қажетті цифрлық жабдықтардың саны есептеліп берілді. Келесіде Алға ауданы бойынша мәліметтер берілген.

2-аудан. Алға ауданы бойынша

Ақтөбе облысы Алға ауданы бойынша тірек мектептерінің МТБ жағдайына тоқталсақ. Жалпы тірек мектептердегі интернет жылдамдығы сын көтерерлік. Келесі кестеден Алға ауданынан алынған 4 тірек мектебінің интернет жылдамдығы берілген.

5-кесте. Интернет жылдамдығы

№	Тірек мектебі	Интернет жылдамдығы	Магнитті мектептер	Интернет жылдамдығы
